

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі

қолжазба құқығында

Магистранттың Ибрайханов Ерболат Мақсұтханұлының

МАГИСТРЛІК ЖОБА ТАҚЫРЫБЫНЫҢ АТАУЫ

Азық-түлік тауарларын өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін дамыту (Түркістан облысы
мысалында).

«7M04119 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы
оқыту бағыты бойынша «7M041 Бизнес және менеджмент»

Мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші (-лер)

Әбдіқалықова М.Н., Мемлекеттік
саясаттың ұлттық мектебінің
директоры

Жоба қорғауға жіберілді:

«_____» _____ 2022ж.

Мемлекеттік саясаттың ұлттық
мектебінің директоры

Әбдіқалықова М.Н.

Нұр-Сұлтан, 2022 жыл

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ	9
ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ	12
ЭКОНОМИКАНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ БОЙЫНША ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ.	13
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ КҮЙІ	18
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫН АНЫҚТАУ	28
ҚОРЫТЫНДЫ	38
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	40

Нормативтік сілтемелер

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

Стратегического плана Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан на 2020 – 2024 годы.

Қолданыстағы кәсіпкерлікті қолдау мемлекеттік бағдарламалары оның ішінде Бизнесінің жол картасы 2025, Қарапайым заттар экономикасы, Жұмыспен қамтудың жол картасы жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының Заңы. Жайылымдар туралы: 2017 жылғы 20 ақпанда қабылданған, №47-VI ҚРЗ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: бекітілген. 2018 жылғы 12 шілде, №423.

Белгілер мен қысқартулар

АӨК	- агроөнеркәсіп кешені
ЖІӨ	- жалпы ішкі өнім
ЖҰӨ	- жалпы ұлттық өнім
ДСҰ	- дүниежүзілік сауда ұйымы
ЖОО	- жоғары оқу орны
га.	- гектар
жж.	- жылдарға арналған бағдарламасы
ЖЖМ	- жанар-жағармай материалдары
ЕО	- Еуропалық Одақ
Жқш	- жеке қосалқы шаруашылық
млн.	- миллион
млрд.	- миллиард
ҰЭМ	- ұлттық экономика министрлігі
АШМ	- ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚР	- Қазақстан Республикасы
АШӨ	- ауыл шаруашылық кәсіпорындары
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
ЖШС	- жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ШФҚ	- шаруа (фермер) қожалықтары

Кіріспе

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Жобалық жұмыс экономиканың аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және оның Қазақстанда өсуі бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған.

Жобаның өзектілігі. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Қазақстан Жаңа шындықта: әрекет ететін уақыт» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес» делінген [1].

Бүгінде ел экономикасының аграрлық секторында шешімді жедел қабылдауды талап ететін көптеген проблема бар. Агроөнеркәсіптік кешеннің (бұдан әрі - АӨК) негізгі міндеті – бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімін шығару

АӨК өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін төмендегі мәселелерді шешу қажет:

- жер, су және еңбек ресурстарын тиімді басқару.

- Республикада жердің 75% деградацияға ұшыраған. Тек соңғы 15 жылда топырақтың құнарлылығы 17%-ға төмендеген [2]. Суармалы жерлер де азайған. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - АШМ) деректері бойынша 1,4 млн. га суармалы жер өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің 42%-на дейін береді. 2021 жылға қарай республикада суармалы жерлердің алаңы 0,6 млн. гектарға кеңейтіліп, 2 млн. га жеткізіледі; [3].

- Еңбек ресурстарын тиімсіз пайдалану. Республиканың ауылдық жерлерінде ел халқының 42%-ы немесе 8,0 млн. адам тұрады, олардың 3,2 млн. ауыл шаруашылығында қызмет атқарады. Оның 40% көкөніс, 56% картоп, 60% ет, 74% сүт, 95% үй шаруашылығында өндірілетін жеміс-жидектер. Бұл фермалар өндірудің аздығына байланысты өсірілген дақылдарды сатуды ұйымдастыра алмайды. Сондықтан оларды делдалдарға арзан бағада сатуға мәжбүр болады. Өнімді делдалсыз сату кәсіпорындардың жүктемесін 1,3 есеге арттырады. Ал делдалдық байланыстардың қысқаруына байланысты сауда маржасы 15-20%-ға төмендейді [4].

- ұсақ тауарлы емес шаруашылықтардың көп болуы. Ауыл шаруашылығында 200 мыңға жуық агроқұрылым жұмыс атқарады, олардың 94%-ы жеке кәсіпкерлер, шаруа (фермер) қожалықтары (бұдан әрі – ШФҚ). Бүгінгі таңда 40% ШФҚ-ның жері 10 га-дан аспайды. Шағын фермалар негізінен ауылшаруашылық өнімдерінің көп мөлшерін шығармайды. Жалпы өнімдегі үлесі 31% және орта есеппен бір ШФҚ-ға 6,9 млн. теңгеден келеді. Сондықтан ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі өте төмен және мұндай шаруашылықтарда өсірілген өнім бәсекеге қабілетті емес;

- Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау деңгейі жеткіліксіз. Жалпы өнім құны Беларусь бойынша – 11%, Ресей бойынша – 5%, Қазақстан бойынша – 4,4%-ды құрайды. Қазақстан үшін тікелей мемлекеттік қолдаудың шекті деңгейі Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) қағидалары бойынша белгіленгені – 8,5%. Субсидияларды бөлу мәселесі ерекше назар

аударуды қажет етеді. Көптеген фермер қаржылық қолдау тетіктері олардың сұранысы мен талаптарына сәйкес келмейді деп есептейді. Субсидиялаудың жекелеген нысандары тек ірі шаруашылықтарға ғана қолжетімді.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімі әлемдік нарықтарда бәсекеге қабілетті болуға, ал оны одан әрі дамыту жаһандық экономикалық үрдістерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Мұның бәрі осы жобалық жұмыстың тақырыбы ретінде таңдалған мәселенің өзектілігін анықтады.

Мәселенің зерттелу дәрежесі. Шетелдік және отандық ғалымдар аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін зерттеуге көптеген еңбек арнаған.

Бәсекеге қабілеттілік мәселелерін зерттеген шетелдік ғалымдардың ең танымалы – Гарвард бизнес мектебінің профессоры М.Портер. Бәсекеге қабілеттілік мәселелерін зерттеген басқа танымал авторлар: Дж.Робинсон, Э.Чемберлен, сондай-ақ келесі зерттеушілер: Г.С.Беккер, Э.Брюна, С.В.Емельянов және танымал экономистер В. С. Джевонс, к.Маркс, А. Смит, Дж. Сазерленд және т.б. бәсекелестіктің классикалық тұжырымдамалық негізді, ресурстық көзқарасты кеңінен қарастырды.

Жұмыстың мақсатымен міндеттері. Бұл зерттеу аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және бәсекелестіктің елдің азық-түлік қауәпсіздігіне тигізетін әсерін талдауға бағытталған. Осы мақсатта Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіп саласының дамуын шектейтін/шектеген проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдарын әзірлеуге негізделген.

Зерттеу әдісі. Осы зерттеудің нақты мақсатын ескере отырып, қолданылатын зерттеу әдістемесі сапалық және сандық сипатқа ие. Зерттеу барысында статистика мен тиісті ресми органдардың мәлімдемелері, ал екінші жағынан бұрын жүргізілген зерттеулер пайдаланылды. Зерттеудің салыстырмалық әдісі негізінен отандық және шетелдік ғалымдардың бәсекелестік жайлы ой-пікірлері, бәсекеге қабілеттілігі жайлы материалдар құрайды.

Зерттеу нысаны: Қазақстандағы, атап айтқанда Түркістан облысы агроөнеркәсібінің бәсекеге қабілеттігін анықтау.

Болжам және ғылыми зерттеудің нәтижелері мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінде аналитикалық ақпарат ретінде де (Түркістан облысында да), Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша агроөнеркәсіптік саясатты одан әрі дамыту үшін де пайдаланылуы мүмкін. Өйткені зерттеу процесінде:

- Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдері, ЕО және АҚШ азық – түлік нарығындағы бәсекелестікті қолдау шараларын зерттеу;

- азық-түлік секторын жетілдіру перспективаларын зерделеу және осы салада қабылданатын шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

- зерттелетін аймақтағы ет, өсімдік кластері мысалында агрокластерлерді құру бойынша ұсыныстар, интеграцияланған құрылымдардың рөлін негіздеу.

Зертеу құрылымы

Зертеу төрт тарауға бөлінген. Бірінші тарауда зерртеу мақсаттары мен қолданылатын әдістеме түсіндіріледі. Екінші тарауда Экономикалық санат ретінде «бәсекеге қабілеттілік» дефинициясының мазмұны және аграрлық нарықта бәсекелестік ортаны қалыптастыруды ұйымдастыру және оның тетіктері қарастырылады. Келесі тарауда экономиканың аграрлық секторында бәсекеге қабілеттілікті арттыру бойынша шет елдердің тәжірибесі қарастырылады. Ал төртінші тарау Қазақстандағы ауыл шаруашылығының дамуының қазіргі жай күйі, агроөнеркәсіп саласының дамуын шектейтін/шектеген проблемаларды және бәсекелестікке тигізген әсерін анықтауға арналған. Соңғы тарауда осы зерртеудің тиісті тақырыбы бойынша қорытынды пікірлер келтірілген.

Әдебиетке шолу
Экономикалық санат ретінде «бәсекеге қабілеттілік»
дефинициясының мазмұны

Экономикалық әдебиеттегі «бәсекелестік» категориясы жаңалық емес. Меркантилистер 15-17 ғасырларда оны талдауға алғашқылардың бірі болып кірісті. А.Смит «Халықтардың байлығын зерттеу» еңбегінде алғаш рет бәсекелестікті анықтауға айқындық енгізуге тырысты. Ол: «қазір сатып алушылар арасында бәсекелестік басталады, егер ұсыныстың қысқаруы орын алса, бұл бағаның өсуіне әкеледі» деп жазған, бірақ ұсыныс тым үлкен болған кезде, сатушылар арасындағы бәсекелестік неғұрлым көп болуына, «немесе олар үшін бұл өнімді тезірек сатуға қаншалықты тез болатынына байланысты» баға төмендейді[5]

А. Смит бәсекелестікті «өз тауарларын сатудың тиімді шарттары үшін сатушылар арасындағы адал бәсекелестікпен», нарықтың «көрінбейтін қолымен» – бәсекелестік күштердің әсерінен қалыптасатын нарықтық бағалармен анықтады. А.Смиттің пікірінше, бәсекелестіктің мәні – сатушылардың ұзақ мерзімді перспективада нарықта бақылау орнатуға өзара байланысты әрекеттерінің жиынтығы. Демек, бәсекелестік – бұл жаңа күшке реакция процесі және жаңа тепе-теңдікке қол жеткізу тәсілі, оның мәні – бәсекелестердің салыстырмалы артықшылықтар үшін күрес [5]. Сонымен қатар, бәсекелестіктің негізгі әдісі – бағаның өзгеруі.

XIX ғасырдағы бәсекелестік ұғымын мінез-құлық арқылы түсіндіру, ал XX ғасырда құрылымдық тәсіл кең таралды. Оның шығу тегі Дж.Робинсон, Э.Чемберлин [6,7] және басқа да ірі ғалымдар, қазіргі Батыс теориясының негізін қалаған нарықтардың төрт түрі атап көрсетті:

- мінсіз бәсекелестік,
- монополистік бәсекелестік,
- олигополиялар
- монополиялар.

Бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамыту мәселелерімен Д.Джоббер, П.Р.Диксон, Ф.Котлер, Дж. Р.Эванс, Б.Берман, Ф.Морис және т.б. сияқты ғалымдар айналысты. «Бәсекелестік» және «бәсекеге қабілеттілік» категорияларын М.Портер жан-жақты зерделеді [8].

М.Портер «Бәсекелестік стратегиясы» кітабында [9] 20 негізгі бәсекелік артықшылықтарды, мысалы, маркетингтегі, өндірістегі және т.б. салыстырмалы артықшылықтар мен шығындардағы деп енгізген. Салыстырмалы артықшылық баға мен сапа арасындағы қатынасты ескерумен байланысты.

Кез келген тауардың бағасы ең төмен және сапасы жоғары ел осы өнімді басқа елдерге экспорттаушыға айналады [10]. Бұл елдің басқа елдерден бәсекелестік артықшылығы бар. Артықшылық неғұрлым көп болса, елдің бәсекеге қабілеттілігі соғұрлым жоғары болады.

Аграрлық нарықта бәсекелестік органы қалыптастыруды ұйымдастыру және оның тетіктері

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың мәні мен көрсеткіштерін анықтау тәсілдерін зерттеу бәсекеге қабілеттіліктің төрт тұжырымдамасын бөлуге мүмкіндік береді:

- сауда балансы, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін елдің әлемдік нарықтардағы қызметінің нәтижелілігін көрсетеді;

- инвестициялық-бәсекеге қабілеттілік өндіріс факторларын: капитал мен еңбек ресурстарын генерациялау және тарту қабілеті ретінде қарастырылады;

- өндірістік-макро деңгейіндегі бәсекеге қабілеттілік елдің еңбек өнімділігін арттыру қабілеті ретінде қарастырылады;

- инновациялық-ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін өзгерістерге бейімделу, инновацияларды әзірлеу және енгізу қабілетіне дейін төмендетеді [11].

Осы тұжырымдамаларды неғұрлым егжей-тегжейлі қарастырып көрсек.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің сауда тұжырымдамасы. Бірінші тұжырымдамаға сәйкес, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі елдің сауда қызметінің нәтижелілігімен тікелей анықталады [12].

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің сауда тұжырымдамасы шеңберінде жүргізілген зерттеулер бәсекеге қабілеттілік деңгейінің экспорттық және импорттық бағалардың арақатынасына, сондай-ақ осы ел валютасының нақты айырбас бағамына тәуелділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Халықаралық нарықтарда тауарларды сатумен байланысты проблемалар туындаған жағдайда, экономикада ұлттық валютаны девальвациялау қажет деп есептеледі. Бұл жағдайды жақсартады, өйткені ұлттық өндірушілердің өнімдерінің бағасы шетелдік сатып алушылар үшін төмен. Елдің бәсекеге қабілеттілігінің индикаторлары айырбастау инфляция деңгейін және өзгерістерді ескере отырып айқындалатын ұлттық валюта бағамы негізгі сауда серіктестерінің валюта бағамдары болып табылады. [13]

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің инвестициялық тұжырымдамасы.

Бәсекелестік ретінде ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің инвестициялық тұжырымдамасы елдің өндірістің негізгі факторларының (*Инвестициялар, адами капитал*) артықшылықтарын көрсетеді. А.Ковачичтің, А. Гилмордың пікірінше, елдердің экономикалық өркендеуі олардың экономикалық қызметін кеңейту қабілетімен байланысты [-].

Бұл тұжырымдама өкілдерінің идеялары негізінен кейінгі теорияның постулаттарына негізделген, оның негізгі идеясы – инвестицияларды тарту арқылы экономикалық өсу үшін жағдай жасау. Тиісінше, инвестициялық тұжырымдамаға сәйкес, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің маңызды көрсеткіші – тікелей шетелдік инвестициялардың деңгейі, өйткені инвесторлар инвестициялау объектісін таңдаған кезде, максималды қайтарымдар мен сенімділікке нұқсан келтіреді, яғни қайтарымы ең жоғары елдер көбірек инвестициялар тартады және осылайша, бәсекеге қабілетті болады.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің өндірістік тұжырымдамасы.

Қазіргі уақытта ең көп таралғаны - бұл ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің өндірістік тұжырымдамасы, осыған сәйкес бәсекелестіктің артықшылықтарына қол жеткізу өнімділікке, яғни экономикалық жүйенің өндірістік әлеуетін толық пайдалану мүмкіндігіне тікелей байланысты [14, 15].

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің инновациялық тұжырымдамасы.

Ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің инновациялық тұжырымдамасы бәсекелестіктің функционалды тұжырымдамасына негізделген, оның көзқарасы бойынша бәсекелестік жаңа идеяларды үнемі іздестіру және ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін кәсіпорын қызметінің әртүрлі аспектілеріне енгізу негізінде нарықтық бәсекелестік болып табылады. Тиісінше, осы тұрғыда ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі елдің даму есебінен нарықтық өзгерістерге тез бейімделу қабілеті және инновацияларды енгізу ретінде анықталады.

Осылайша, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің төрт тұжырымдамасы бір-біріне қайшы келмейді, дегенмен олар зерттелетін экономикалық категорияның мәнін әр түрлі түсіндіреді және оның жеке ерекшеліктеріне назар аударады.

Ал, Латруфф [16] ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштерін стратегиялық басқаруға (*мысалы, өндіріс шығындары, пайдалылық, өнімділік*) және саудаға қатысты бәсекеге қабілеттілік коэффициенттеріне жатқызады.

Экономикалық категория ретінде бәсекеге қабілеттілікті экономиканың әртүрлі салаларының мамандары зерттейді, сонымен қатар олар осы тұжырымдамаға түрлі анықтама береді.

Р. Фатхутдиновтың пікірінше, бәсекеге қабілеттілікті объектінің осы нарықтағы ұқсас объектілермен салыстырғанда бәсекелестікке төтеп беру қабілеті, тауардың немесе қызметтің бәсекеге қабілеттілігі не болмаса бәсекеге қабілетсіздігі нарықта анықталуы мүмкін [17].

А.Бариновтың пікірінше, объектілердің бәсекеге қабілеттілігі оның элементтерінің бәсекеге қабілеттілігінен және мақсатқа жету үшін оларды ұйымдастырудан тұрады [18].

Объектінің бәсекеге қабілеттілігі, әдетте, белгілі бір экономикалық субъектінің нақты қызметі процесіндегі өнім немесе қызмет деп түсініледі, ол өз кезегінде ұйымдастырушылық, өндірістік, басқарушылық және маркетингтік әрекеттерді жүзеге асырады.

Субъектінің бәсекеге қабілеттілігі (тауар өндірушіні білдіреді) оның бәсекеге түсу және жеңіске жету қабілетімен сипатталады, бұл оның бәсекелестік артықшылықтары, нарықтағы басқа сегменттерді сақтау мен игерудегі бәсекелестік айырмашылықтарының нәтижесінде мүмкін болады.

Бәсекелестік артықшылық нарықтық қатынастардағы маңызды компонент болып табылады, онсыз нарық субъектісі сәтті қызмет ете алмайды.

Біздің ойымызша, бәсекелестік артықшылық дегеніміз-субъект (тауар, кәсіпорын, аймақ, сала, ел) нарықтағы позициясын нығайту, жоспарланған пайда деңгейіне жету үшін басқа субъектілерді басып озу үшін жасайтын артықшылық.

Бәсекелестік артықшылықтар төмен шығындардан, бағадан, қызмет көрсету сапасынан және субъектінің басқа да көрсеткіштерінен нақты көрініс табуы және тұтынушылар үшін қабылдануы және көрінуі және олар өлшенуі, экономикалық көрсеткіштермен бағалануы керек, мысалы, үлкен сату көлемі, жоғары рентабельділік, үлкен нарықтық үлес және т. б.

Зерттеу әдісі

Осы зерттеудің нақты мақсатын ескере отырып, қолданылатын зерттеу әдістемесі сапалық және сандық сипатқа ие. Зерттеу барысында статистика мен тиісті ресми органдардың мәлімдемелері, ал екінші жағынан бұрын жүргізілген зерттеулер пайдаланылды. Зерттеудің салыстырмалық әдісі негізінен отандық және шетелдік ғалымдардың бәсекелестік жайлы ой-пікірлері, бәсекеге қабілеттілігі жайлы материалдар құрайды.

Зерттеу әдістері зерттеу мақсатына қол жеткізу мақсатында статистикалық және салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ зерттеудің әдіснамалық негізі агро-өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардың ашық көздерінен алынған ресми ақпаратты, сондай-ақ ғылыми мақалаларды зерделеу болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу аясында халықаралық ұйымдарда жарияланған ақпарат негізінде контент талдау жүргізілді. Policy analysis (саясатты талдау) барысында НҚА, ҚР Стратегиялық даму жоспарлары мен стратегиялары, сондай-ақ саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасы зерделенді, олар агро-өнеркәсіп саласында жүргізіліп жатқан саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ басымдықтар мен бар проблемаларды түсінуге мүмкіндік берді. Ғылыми еңбектер мен талдау материалдарына жүргізілген шолу агро-өнеркәсіпті дамыту саласындағы қолда бар тәжірибені қабылдауға мүмкіндік берді, ол оны дамыту жөнінде ұсыныстар қалыптастыру үшін пайдаланылды. Статистикалық талдау әсер етудің түрлі факторларына байланысты әлемде және Қазақстанда агро-өнеркәсіпті дамытудың маңызды индикаторларының серпінін зерттеуге мүмкіндік берді. Осылайша, әртүрлі кезеңдердегі саланың негізгі сандық көрсеткіштерін салыстыру жүргізілді. Салыстырмалы талдау шеңберінде елдер бөлінісінде әлемдегі агро-өнеркәсіпті, Қазақстанның агро-өнеркәсібінің жалпы әлемдік көлеміндегі үлесін, сондай-ақ жылдар бойынша серпінде республикалық және өңірлік деңгейде агро-өнеркәсіпті субсидиялау көлемін салыстыру жүргізілді. Cost-benefit analysis арқылы агро-өнеркәсіп субъектілері үшін тарифтік жеңілдіктерді енгізу кезінде мүмкін болатын пайдалар мен шығындар көрсетілді. Case-study талдау барысында агро-өнеркәсіп ынталандырудың әлемдік практикасы, сондай-ақ жаһандық форматтағы өзекті өзгерістерді ескере отырып, саланы мемлекеттік қолдау шаралары зерделенді.

Экономиканың аграрлық секторында бәсекеге қабілеттілікті арттыру бойынша шет елдердің тәжірибесі.

АӨК-ның бәсекеге қабілеттілігі көп жағдайда әлемдік экономикалық кеңістіктің макроэкономикалық субъектісі ретінде елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды.

Бәсекеге қабілеттілік рейтингісі бойынша 2021 жылы Қазақстан 2020 жылмен салыстырғанда өз позицияларын жеті тармаққа жақсартып, 35-орынды иеленді. Рейтингке 141 ел қатысты. Аталған рейтингте көшбасшы елдердің бестігіне Сингапур, АҚШ, Гонконг, Нидерланды және Швейцария кірді. Қазақстан Португалия (36 орын), Индонезия (37 орын), Латвия (38 орын), Испания (39 орын), Словения (40 орын), Үндістан (43 орын), Ресей (45 орын), Түркия (51 орын) сияқты елдерден алда келеді. [19].

Қазіргі жағдайда халықаралық агроөнеркәсіптік интеграцияның басты бағыты әлем халқының азық-түлік қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады.

Кейбір дамыған елдердегі (Финляндия, Франция, Канада, АҚШ) ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қолдау бойынша әлемдік тәжірибені қарастырайық. 1-кестеде көрсетілгендей, ЕО елдеріндегі ішкі және сыртқы нарықтардағы ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне мемлекеттің қатысуымен, атап айтқанда субсидиялау механизмінің көмегімен қол жеткізіледі (өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімі құнының 50 пайызы бюджеттен субсидияланады).

ЕО-да тіркелген сатып алу бағалары қолданылады, нарықтағы бағалар кепілдік берілген деңгейден төмендеген сәтте өнімді өндіру, сақтау және қайта өңдеу бойынша өтемақылар белгіленеді (1-кесте).

1-кесте. Әлемнің дамыған елдерінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау

Елдер	Аграрлық секторды мемлекеттік қолдау шаралары
1	2
Финляндия	фермерлердің пайдасындағы мемлекеттік субсидиялардың үлесі-71%.
Франция	нарықтағы бағалар кепілдік берілген деңгейден төмендеген кезде, өнімді өндіру, сақтау және қайта өңдеу бойынша тауар өндірушілерге өтемақылар төленеді; шетелдерден азық-түлік әкелу үшін жоғары сатып алу бағалары, кедендік баждар, шектеулер қолданылады.

1-кесте жалғасы

1	2
Швеция	Өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімі құнының 73%-ы бюджеттен субсидияланады; фермерлердің пайдасындағы мемлекеттік субсидиялардың үлесі – 59%.
Канада	бір гектарға 180 доллар бөлінеді; бюджеттен берілетін дотациялар 90%-дан асады; аграрлық сектордың ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығындары – 26 %.
АҚШ	бір гектарға 324 доллар бөлінеді; 68 млрд АҚШ доллары көлеміндегі бюджеттік қаражат; фермерлердің пайдасындағы мемлекеттік субсидиялардың үлесі – 30%.
Ескертулер: дереккөз негізінде [20,21,22]	

Дамыған елдердегі аграрлық сектордың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігі ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың (өнімді қайта өңдеу, сақтау және өткізу, фермерлерге материалдық-техникалық және кредиттік қызмет көрсету саласында) және агроөнеркәсіптік интеграцияның жоғары деңгейімен негізделеді. Әлемнің дамыған елдерінде аграрлық сектордың өнімділігін, тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін дамытуға, инновациялық даму және азық-түлік нарығына қатысушылардың өзара әрекеттерін кеңейтуге, ауылдық жерлердің дамуына әсер ететін агрокластерлер кеңінен дамыды. Кластердің пайда болуы – аймақтардың халықаралық бәсекелестігінің шиеленісуіне қорғаныс реакциясы [23].

Ауқымды интеграцияланған, әртараптандырылған шаруашылықтар заманауи инновациялық технологияларды қолдана отырып, әлемдік ауылшаруашылық өндірісінің жартысынан көбін қамтамасыз етеді.

Ірі кәсіпорындарда еңбек өнімділігі ұсақ кәсіпорындарға қарағанда 1,5–2 есе жоғары, аудан бірлігіне шаққандағы ресурстарға қажеттілік екі есе төмен, өнімнің өзіндік құнынан едәуір аз. Бұл – ұлттық және әлемдік азық-түлік нарықтарына ауылшаруашылық өнімдерін негізгі жеткізушілер болатын ірі фермалар мен бірлестіктер [24].

ЕО елдерінде агро кластерлеумен қатар ауыл шаруашылығы кооперациясы, әсіресе мал өсірушілердің фермерлік кооперациясы дамып келеді. Францияда шошқа етінің 70%-ға жуығы, Нидерландыда – 26%-ы, Германияда – 25%-ы өткізу кооперациясы арқылы сатылады. Сонымен, Швеция елінде 18 аймақтық кооперативтік бірлестік жұмыс атқарады. Фермерлердің мүддесін қорғаудың күрделі міндетін шешу үшін Ұлттық фермерлік кооперативтер қауымдастығы құрылды [25].

Финляндиядағы ауыл шаруашылығы кооперативтері фермерлерге ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өткізу, оны қайта өңдеу, материалдық-

техникалық жабдықтау (кооперативтер 50%-ға дейін тыңайтқыш, 65% жемшөп, 40% техника мен отын жеткізеді), фермерлік шаруашылықтарды кредиттеу және оларға қызмет көрсету үшін қажетті жағдайлар жасайды. Кооперативтер ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу саласын біріктіреді. Олар ет пен ет өнімдерінің 75%-дан астамын және сүт пен сүт өнімдерінің 92%-ын өндіреді [26].

Агроөнеркәсіптік интеграцияның келісімшарттық нысаны кең тараған. АҚШ-та ауылшаруашылық өнімдерінің шамамен 30%-ы осы негізде өндіріледі. Фермерлермен келісімшарттарды өнеркәсіптік және сауда компаниялары жасайды. Тез бұзылатын өнімдерді, сондай-ақ қайта өңдеуге түсетін өнімдерді өндіру мен өткізу контрактациясы дамыған (қаймағы алынбаған сүт өндірісінде оның үлесі 95%-ды, қайта өңдеуге арналған көкөністер - 83%-ды және т.б. құрайды) [27].

Финляндияда ішкі нарықты қорғау үшін кедендік баждар, азық-түлікті шетелден әкелу лимиті, өтемдік және теңестіру салықтары қолданылады. Фермерлердің пайдасындағы мемлекеттік субсидиялардың үлесі 71% құрайды. Осының барлығы ауыр климаттық жағдайларда ауыл шаруашылығының тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді, әлемдік азық-түлік нарығында ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Көптеген елдерде баға деңгейін бақылау үнемі жүргізіліп отырылады. Мысалы, Францияда нарықтағы баға кепілді деңгейден төмендеген кезде, тауар өндірушілеріне өнімді өндіру бойынша ғана емес, оны сақтау және қайта өңдеу бойынша да өтемақы төленеді, сонымен қатар Францияда ауыл шаруашылығы өнімінің ішкі нарығы реттеледі, оны сақтауға, қайта өңдеуге және экспорттауға субсидиялар беріледі [26].

ЕО елдерінде тіркелген сатып алу бағаларын қамтамасыз ету және ауыл шаруашылық өнімдерінің экспортын субсидиялау жүзеге асырылып жатыр. Батыс Еуропа елдерінде ауыл шаруашылығы өндірісінің табиғи климаттық жағдайларына байланысты субсидияланады. Елдегі климат неғұрлым күрделі және қатты болса, аграрлық сектордың ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығындар соғұрлым артады (2-кесте).

2-кесте. Аграрлық сектордың ЖІӨ-дегі субсидиялар үлесі

Ел	Аграрлық сектордың ЖІӨ-дегі субсидиялардың үлесі, %
Дания	17.7
Ұлыбритания	27.2
Норвегия	32.5
Ескерту: дереккөз негізінде [28]	

Норвегияда аграрлық секторды орташа жылдық қолдау жалпы ауыл шаруашылығы өнімі құнының 32,5%-ын (30 мың АҚШ долл.) құрайды, яғни 3 мың АҚШ долл. - 1 га ауыл шаруашылығына пайдаланылады [29].

Сонымен қатар, олар оны жүзеге асыру үшін әртүрлі құралдарды қолданады. Мәселен, АҚШ-та жалпы нысаналы қолдау шаралары (51,1%) мемлекеттік қолдауды іске асырудың негізгі құрауышы болып табылса, онда ЕО-ның негізгі құралы фермерлерге тікелей төлемдер нысанында (67%) тікелей қолдау көрсету болып табылады. АҚШ-та мемлекеттік қолдаудың 51,1%-ы жанама шаралар арқылы көрсетіледі, негізінен бұл маркетингке және аграрлық нарықта өнімді жылжытуға арналған шығындар.

Агросектордың шетелдік жұмыс тәжірибесі мемлекеттік қолдау шаралары бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде негізгі рөлді атқаратынын растап отыр. Экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлеріне қарамастан, зерттелген барлық ел азық-түлік нарығын бағалық реттеу, шығындарды субсидиялау, салықтық-несиелік реттеу, протекционистік сыртқы сауда саясаты және т.б. сияқты түрлі шаралар арқылы ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажетті жағдайларды жасайды [30].

Қазақстандағы ауыл шаруашылығының дамуының қазіргі жай күйі

Агроөнеркәсіп саласының дамуын шектейтін/шектеген проблемаларды және бәсекелестікке тигізген әсерін анықтау *(әр түрлі авторлардың еңбектері және статистика мәліметтері арқылы)*

Елімізде АӨК-ны дамытуға арналған барлық қажетті ресурс бар: жер, су және еңбек ресурстары.

Қазақстан жер аумағы бойынша әлемде 9-орында болса, ТМД елдері арасында екінші орын алады. Жалпы жер көлемінің 80%-дан астамын ауыл шаруашылығы алқаптары құраса, ауыл шаруашылығы жерлерінің 80%-ы жайылымдық жерлер. Жайылымдық жер ауданының үлкен болуы 30 млн. астам мал мен құс өсіруге мүмкіндік береді.

Ауылдық жерлерде халықтың 42%-ы немесе шамамен 8 млн. адам тұрады, олардың 3,2 млн. астамы ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Тек 1,6 млн. адам үй шаруашылықтарында. Бұл осы саланың еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілгендігін көрсетеді [31].

Бұл тараудың мақсаты 1990 жылдың басында жүргізілген Қазақстандағы ауыл шаруашылығын реформалау нәтижелерін, сондай-ақ сол реформаның азық-түлік секторын дамытуға әсерін бағалау, қазіргі жай күйін көрсету болып табылады.

Еліміз ауыл шаруашылық саласын нарықтық экономикаға өткізуді жекешелендіру, баға саясатын либерализациялау, жер реформалары арқылы жүзеге асырды.


1991 жылдың басында Қазақстандағы ауыл шаруашылығы алқаптары 430 ұжымдық шаруашылыққа (колхоздарға) және 2120 совхозға (совхоздарға) бөлінді [32]. 1996 жылға қарай ауыл шаруашылығы секторындағы мемлекеттік шаруашылықтардың үлкен үлесі жеке кәсіпорындарға айналды.

Қазақстанда 1980 жылдың екінші жартысында басқа одақтас республикаларға ет экспорттау жылына 300 мың тоннаға, сүт 250 мың тоннаға, жұмыртқа шамамен 150 миллионға жетті. 1990 жылға қарай ауыл шаруашылығы ЖІӨ-нің шамамен үштен бірін құрады (29%). Бұл сектор елдегі жұмыспен қамтудың одан да үлкен сегментін қамтамасыз етті (33 пайыз) [33].

39 млн гектарды құрайтын егістік жерлер сәйкесінше былай бөлінді: 65% дәнді-дақылдар, 33% мал азықтық дақылдар үшін пайдаланылды. Жалпы егістік үшін маңызды болмаса да, оңтүстікте мақта да, күріш те маңызды дақыл деп есептеледі. Шығыс Қазақстанда өсірілген майлы дақылдар ішкі қажеттіліктерді 40%-ға дейін қамтамасыз етті [34].

1990 жылдардың басында жүргізген экономикалық реформалардан кейін, Қазақстан ауыр зардапқа ұшырады, ауыл шаруашығы едәуір құлдырап, өзінің бәсекелестік артықшылығын жоғалтып алды. Лерман, Чаки және Федер [35] мұнай өндірудің айтарлықтай өсуі нәтижесінде ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі 1990 жылғы 34%-дан 2011 жылы 5%-ға қалай төмендегенін талқылайды.

Мысалға, осы реформалардың қолайсыз салдарын құжаттау үшін Байдильдина [36] 1990-2000 жылдар аралығында мал басының едәуір қысқарғаны көрсетті (Толығырақ 1-суретті қараңыз).




Ескерту : автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Сонымен қатар, бұл осы сектордағы өнімділікке теріс әсер етті, нәтижесінде жыл сайынғы негізде сүт өнімділігі орташа есеппен 1985 кг-нан 1558 кг-ға дейін, ал тауық жұмыртқасын алу 229-дан 174 дейін төмендеді. Ірі қара малдың бір басының орташа салмағы 342 кг-нан 280 кг-ға дейін, ал ешкі мен қойға қатысты бұл төмендеу 36 кг-нан 31 кг-ға дейін, ал шошқаға қатысты 103 кг-нан 54 кг-ға дейін төмендеді [36].

Жоғарыда аталған теріс әсерлер тек мал шаруашылығымен ғана шектелмей, өсімдік шаруашылығына, атап айтқанда Қазақстан үшін аса маңызды экспорттық дақыл – бидайға да әсерін тигізді. [37]. 2-ші сурет.

Бидай өндірісі



Осыған байланысты Мэн [37] ауылшаруашылық өндірісінің жалпы нашарлауын атап өткен. Мысалы, ет өндірушілерге тоңазытқыш қоймаларын жеткілікті мөлшерде табу қиындық тудырды, бұл олардың өндірісін сандық жағынан да, сапалық жағынан да кеңейтуге мүмкіндік бермеді. Екінші жағынан, бидай өндірушілер әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін төмендететін жоғары көлік шығындарынан зардап шекті. Жеткілікті деңгейде дамымаған «қатаң» инфрақұрылымнан басқа, «жұмсақ» типтегі инфрақұрылымға қатысты проблемалар пайда болды, оның ішінде көптеген басқа мәселелер, нарықтық ақпаратқа немесе білімге қол жеткізудің шектеулі болуы немесе іскерлік тәжірибенің төмен деңгейі жалпы бидай өнімдерінің бәсекелестік қабілетін төмендетті.

Өнімнің, мал санының азаюы, 1990 жылдардың басында жұмыссыз адамдар санының өсуіне алып келді (3-ші суретті қараңыз).




Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Алмағанбетовтің пікірінше [38], нарықтық күштердің әсерінен пайда болған және жұмыс күшінің едәуір бөлігін жұмыстан шығаруға мәжбүр болған ірі мемлекеттік компанияларды қайта құрылымдау және жекешелендіру процесінің салдарынан жұмыссыздық деңгейі күрт артты.

Агроөндіріс көлемінің қысқаруы Қазақстанның азық-түлік импортының тәуелділігінің артуына алып келді, бұл кейіннен елдің азық-түлік қауіпсіздігін едәуір төмендетті [38].

Мысалы, 1992 жылдан кейін ет (әсіресе сиыр еті) өндірісі 50%-дан қысқарды, бірақ 2000 жылдардың басында қалпына баяу келе бастады. 4-сурет



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Статистика мәліметтеріне сәйкес мал шаруашылығының өнімділігі тоқтап, 2000 жылдан кейін өсе бастады, мысалы (8-сурет), ірі қара мал басы 2021 жылы 8 миллион басты құраса, қой мен ешкі саны 20 миллион басқа дейін өсті.

5-кесте. Жылқы және құс санын салыстыру

Жылдар	Жылқы	Құс (млн.)
1991	1 618	60 001
2000	969	19 702
2021	3 489	47 870


Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Республикада ет өндірісі дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығындағы негізгі және басым бағыттардың бірі болып саналды. Ең үлкен нәтижеге өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында қол жеткізілді, сол кезде ет

өндірісінің жылдық көлемі (сойыс салмақта) 1,5 млн. тоннадан асып түсті, ал жан басына шаққанда 95 кг өндірілді.

Тиісінше, қазіргі уақытта республиканың әлеуеті толық іске асырылмаған. Көршілес елдермен салыстырғанда, Ресей мен Қытайды ескермегенде, Қазақстан Өзбекстаннан айтарлықтай артта қалып отыр.


5-сурет мал санын салыстыру



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты және Ресей, Өзбекстан статистика сайттары бойынша құрастырған.

Өзбекстанда 1990 жылы мал басы 5 112 млн. құраса, Қазақстанда 9 707 млн. болған, ал 30 жыл өткен соң, Өзбекстанда мал саны 2,3 есе өсіп, 13 млн.-ға жетіп отыр, Қазақстан әлі 1990 жылғы мал басына жетпегенін атап өту керек.

6-сурет мал санын салыстыру



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты және Өзбекстан статистика сайттары бойынша құрастырған

Республикадағы ауыл шаруашылығы дамуының қазіргі жағдайының үлесі жалпы ұлттық өнімнің құрылымында әлі де төмен (шамамен 5%), ал ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлері бойынша республика импортқа тәуелді (6-кесте)

6-кесте. Қазақстанға келетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің импорты,
мың тонна

Өнімнің атауы	2015	2020
Астық	147	452
Картоп	152	185
Күнбағыс тұқымдары	4,6	99
Өсімдік майы және құрамында майы бар өнімдер	146	188
Ет (тауық етін қосқанда)	236	267
Сүт және сүт өнімдері	569	546
Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, млн. дана	43	144

Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған

Қазақстан басқа елдерден ет, жұмыртқа, күнбағыс майы, сүт және сүт өнімдерін үлкен көлемде импорттайтынын осы кестеден көруге болады. Сондай-ақ соңғы жылдарда импорт көлемінің өскенін байқауға болады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша келесі азық-түлік пен ішкі нарықты қамтамасыз етеміз: нан өнімдері (100%), картоп (95%), жаңа піскен көкөністер (86%), ет (83%), ал қалған өнімдер бойынша импортының көлемі едәуір көп (30-дан 60% - ға дейін және одан да көп), бұл елдің агросекторын басқа мемлекеттерге тәуелді етеді. Әсіресе нарық сыйымдылығындағы импортының үлкен үлесі жемістер (70%), құс еті (56,8%), шұжықтар (44,3%), сүт өнімдері (40-50%), консервіленген жемістер мен көкөністер (85-95%) және т.б. бойынша байқалады [39].

Әдеби шолуда айтып өткендей ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің сауда тұжырымдамасы бойынша ЕАЭО елдері арасындағы сауда байланысын қарап көретін болсақ, лидер Беларусь елі, ал Қазақстан кері сауда сальдосымен Ресей екеуі азық-түлікті импорттаушы елдер екенін 7-кестеден көре аламыз.

7-кесте ЕАЭО – ға мүше мемлекеттердің өзара саудасындағы экспорт және импорт көлемі 2020 жыл қортындысы бойынша

	ЕАЭО	Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғызста н	Ресей
Экспорт млн. долл.АҚШ						
Азық-түлік тауарлары және ауыл шаруашылығы шикізаты	9 805,9	445,3	4 614,0	558,0	143,2	4 045,4
Импорт млн. долл.АҚШ						
Азық-түлік тауарлары және ауыл шаруашылығы шикізаты	9 562,1	340,7	1 438,7	2 356,8	405,2	5 020,7

Ескерту – Автор Еуразиялық экономикалық одақ статистикасы мәліметі бойынша құрастырған [40].

ЕАЭО-ға қатысушы елдердің бәсекеге қабілеттілігіне келетін болсақ, олардың қандай да бір валютасының девальвациясы белгілі бір кезеңде осы елдерден тауарларды осы елде бәсекеге қабілеттілігі төмен ете отырып, оларды ЕАЭО-ның басқа елдерінің нарықтарына экспорттау кезінде осы елде өндірілетін тауарлардың бағасы бойынша бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз етті деген пікір жиі айтылады. Бұған жол бермеу үшін серіктес елдер өз валюталарын девальвациялауға мәжбүр болды [41]

7-сурет



Ескерту – Автор Еуразиялық экономикалық одаққа Мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік саясатына шолу (2012-2018 жылдардағы) бойынша құрастырған.

ЕАЭО-ға қатысушы елдердің ЖІӨ – нің үлесіне келетін болсақ, көшбасында Қырғызстан (12,3%) және Беларусь Республикасы (7,8%) орналасқан, ал егер азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейіне келсек 8-кестеге сәйкес Беларусь Республикасы 89,7 пайызбен көш бастап отыр.

8-кесте ЕАЭО-ның негізгі ауыл шаруашылығы өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейі, %

	Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғызстан	Ресей
Астық	34,3	92,7	130,1	79,3	166,5
Ет және ет өнімдері	71,9	135,9	81,3	88,5	93,0
Сүт және сүт өнімдері	91,2	235,4	90,9	105,7	83,2
Көкөністер	102,5	105,5	98,0	117,4	93,4
Картоп	102,6	112,3	96,9	103,5	91,2
Өсімдік майы	4,3	69,9	84,7	18,5	161,1
Жұмыртқа	98,2	128,8	100,8	95,5	100,2
Қант	65,2	224,1	64,6	71,0	115,1
Орташа деңгей	72,9	89,7	83,8	81,9	88,2

Ескерту – Автор Еуразиялық экономикалық одаққа Мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік саясатына шолу (2012-2018 жылдардағы) бойынша құрастырған.

ЕАЭО-ның ішкі нарығында еңбекақы төлеудегі айырмашылық елдерге қосымша бәсекелестік артықшылықтар жасайды.

Республикада ауыл шаруашылығы алқаптарын суару үшін қажетті су ресурстары бар. Су мамандарының есептеулері бойынша, елде 4,0 млн.га егістікті суару үшін әлеуетті мүмкіндіктер бар. Алайда, соңғы жылдары республикада суармалы жерлердің көлемі айтарлықтай қысқарды. Мысалы, 2019 жылы 1990 жылмен салыстырғанда суармалы жерлердің көлемі үштен бірге қысқарды және қазір 1,5 млн.гектардан аз [42].

Мемлекет басшысы «Қазақстан Жаңа шындықта: әрекет ететін уақыт» атты Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығында су ресурстарын тиімсіз пайдалану туралы да атап өтті. Ол судың 40%-ы дұрыс суарылмаған кезде жоғалатынын атап өтті [43]. Ауыл шаруашылығы дақылдарын суару кезінде судың жоғалу себептерінің бірі – суармалы жерлердің техникалық жай-күйі пайдалану жүйесінің 60-70%-ы тозған. Бұл суармалы жерлердің тозуын және олардың ауыл шаруашылығы айналымынан шығуын, суармалы судың артық жұмсалуды, топырақ құнарлылығының төмендеуін тудырды.

АӨК-дегі тағы бір проблема – бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу. Қабылданып жатқан мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің үлесі төмен.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес, қайта өңдеу зауыттарының қуаты тек 20-60 пайызға ғана жеткен.

Өндірілетін еттің, сүттің, жемістер мен көкөністердің 30 пайыздан аз бөлігі ғана өңделеді. Ет және сүт өңдеу кәсіпорындарындағы мұндай жағдай, негізінен жергілікті нарықта өндірілген өнім шағын партиялармен жөнелтілетіндігімен және үй жағдайында өндірілетіндігімен түсіндіріледі. Үйде өндірілген өнімдер көптеген параметр бойынша санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейді.

Үй шаруашылықтарында көкөніс дақылдарының 40 пайызы, картоптың 56 пайызы, еттің 60 пайызы, сүттің пайызы, жемістер мен жидектердің 95 пайызы өндіріледі. Бұл фермалар өндірісінің аздығына байланысты өсірілген дақылдарды сатуды ұйымдастыра алмайды. Сондықтан оларды делдалдарға төмен бағамен сатуға мәжбүр болады. Өнімді делдалсыз сату өңдеуші кәсіпорындардың жүктемесін 1,3 есе арттырады. Ал делдалдық байланыс аз болса, сауда маржасы 15-20% - ға төмендейді [44].

Бұл саланың дамуын «өндірістен тұтынушыға дейінгі» технологиялық тізбектің барлық қатысушысын ынталандыра алатын экономикалық механизмнің болмауы тежейді.

Шикізат пен қайта өңдеу өнімдерінің қалыптасқан баға диспаратеті саланың дамуына да әсер етеді. Іс жүзінде өндіріс шығындары алынған кірістермен өтелмейді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары, мал басы және оларды өндіру көлемі қысқарып жатыр.

Бүгінгі таңда бұл «тізбек» бұзылған, нәтижесінде қайта өңдеу кәсіпорындарының шикізат жеткізушілермен, яғни тікелей агроқұрылымдармен тұрақты байланысы орнамаған.

Орта есеппен алғанда, соңғы 10 жылда астық экспорты тұрақты көрсеткіштерге ие, 5-тен 10 млн. тоннаға экспорт шығарып келеді.

Қазақстан отандық нарықта өндірілген ұнның 30%-ын және өсімдік майының 15%-ын сыртқы нарыққа экспорттайды. Сүт өнімдері, кондитерлік өнімдер, шоколад, макарон және құс еті шағын көлемде экспортталады.

9-кесте. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты, мың тонна

Өнімнің атауы	2015	2020
Астық	4 402	7 359
Астықты қайта өңдеу өнімдері	1 855,7	1 679,7
Картоп	3,5	264,0
Жемістер, жүзім және оларды қайта өңдеу өнімдері	83,8	96,3
Күнбағыс тұқымдары	153,7	536,8
Өсімдік майы және құрамында майы бар өнімдер	33,6	120,7
Ет	14,0	25,3
Сүт және сүт өнімдері	97,1	154,3
Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, млн. дана	111,2	433,6


Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Астық экспорты жылдар бойынша орта есеппен 5 млн.тоннадан 10 млн. тоннаға дейін құрайды. Осылайша, Қазақстан Республикасы әлемдегі ең ірі бидай экспорттаушылардың бірі болып қала береді (*әлемдік экспорттың 4% - ға жуығы*).

ТМД елдеріне бидай мен бидай ұнының негізгі тауарлық ағындары жіберіледі (экспорттың жалпы көлемінің 77% - дан 90% - ға дейін).

Мал, құс, астық сияқты барлық санатта өсім байқалды. Дегенмен қазіргі таңда көптеген жерде әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер 1990 жылға қарағанда төмен.


Жоғарыда айтылып отырған мәселелер себебінен жыл сайын азық-түлік баға өсуін көріп келеміз. 7-сурет бағасының динамикасы



Ескерту – Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюро сайты бойынша құрастырған

Көріп отырғандай жыл сайын маусымаралық кезеңде (наурыз-тамыз айлары) картоп бағасы жыл басымен салыстырғанда шамамен 2 есе өсіп отырады, осындай жағдай басқада азық-түлік бағасынан байқауға болады.

Ең қызығы кестеден көріп отырғандай Түркістан облысының картопқа қажеттілігін өз өндірісі есебінен 147% - ға жабылады%.



Ескерту – Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюро сайты бойынша құрастырған

Азық-түлік тауарларының негізгі бөлігін халық өндіреді, және әрбір өндірушінің өнімді сақтау мүмкіндігі жоқ яғни өндірілген өнімнің негізгі үлесін делдалдар алаңнан сатып алады. Оперативті ақпараттарға сәйкес облыс аумағында сыйымдылығы 221 мың тонна 173 көкөніс сақтау қоймасы бар. Бұл ретте, әкімдіктер аталған көкөніс қоймаларының қызметіне мониторинг жүргізема? (көкөніс қоймаларының жай-күйі, көрсетілген қызметтердің көлемі, сақтау қызметтерінің тарифтері) егер тиісті бақылау болса өз өндірісі есебінен 147% - ға жаба отырып не себептен баға тым жоғары өсуде.

Түркістан облысының агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау және оның бәсекелестік артықшылықтарын анықтау.

Егерде АҚШ, Еуропа және басқа да дамыған елдер тәжірибесіне қарасақ, бәсекелестік қабілетін көтеруде интеграция мен кооперация маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда, атап айтқанда Түркістан облысында аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін кооперативтер, агрокластерлер, агрохолдингтер, агрофирмалар және т.б. сияқты интеграцияланған ұйымдық құрылымдар құру қажет. Ол үшін ауыл шаруашылығының құрылымын өзгерту қажет, оның өзегі күшті кооперативтерден тұруы керек [45].

Қазіргі уақытта өңірлер мемлекеттік шекарамен шектелмеген жаһандық бәсекелестік заңдары бойынша жұмыс істей бастады. Олар өз дамуында нарықтың тез өзгертін жағдайларына жауап ретінде қолданыстағы бәсекелестік артықшылықтарды күшейтуге және жаңа бәсекелестік артықшылықтар жасауға ұмтылу керек.

7-сурет кооперативтер санын салыстыру



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Бұл кестені қарайтын болсақ, Түркістан облысының басқа өңірлермен салыстырғанда бәсекелестік қабілеті жоғары екенін көреміз. Жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны (703), яғни Республика бойынша бірінші орында келеді, екінші және үшінші орында Акмола (284), ШҚО (283) орналасқан.

Көптеген өңірде шағын ауыл фермерлері бірігуді қаламайды, нәтижесінде, кооперативтер елде тиісті түрде дамымаған.

Сондықтан ғалымдар басқарудың осындай интеграцияланған формаларын құрудың ең тиімді шешімі агрокластерлер деп санайды.

Елде кластер құру мақсаты – бұл ішкі нарықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, ал болашақта өз өнімінің экспортуға.

Еліміз кластерлеуді мынадай жолдармен жүргізуге ниетті:

- Қазақстанда жұмыс істеп тұрған бірлескен кәсіпорындар мен қаржы-өнеркәсіптік топтардың сыртқы нарыққа бағдарланған трансұлттық кластерлерге интеграциялануын күшейту;

- индустриялық-инновациялық дамудың үлкен әлеуеті бар салаларда экспортқа бағдарланған жаңа кластерлер құру;

- ішкі нарыққа бағдарланған кластерлер құрудың салааралық және технологиялық байланыстарын дамыту.

Кластерді қалыптастыру жабық технологияны құру принципіне негізделген. Бұл ретте «Актеп» ЖШС базасында құрылған Ақтөбе ет кластерінің жұмыс тәжірибесін атауға болады. Кәсіпорын 2012 жылдан бастап жұмыс істейді, асыл тұқымды мал өсірумен айналысады, 11,0 мың бас ірі қара малға арналған бордақылау алаңы және жылына 7,2 мың тоннадан астам өнім шығаратын ет өңдеу кешені бар. Бүгінде кластер облыс бойынша 350 шаруа қожалығымен ынтымақтастық орнатып отыр. Мұндай серіктестік «Актеп» ЖШС үшін де, қарапайым фермерлер үшін де өте тиімді.

Түркістан облысының агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің тағы бір артықшылығын артықшылығын келесі кесте арқылы анықтауға болады.

8-суреттен ауыл шаруашылығы жерлерінің 100 гектарына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы шығарылымы бойынша Түркістан облысы бірінші орында екенін көруге болады. 8-ші сурет



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Ірі әлемдік компаниялар қызметінің стратегияларын талдау сыртқы және ішкі нарықтарда интеграцияның тиімділігін айқындады.

Талдау көрсеткендей, тауар өндірушілердің азық-түлік тізбегі шеңберіндегі өзара іс-қимыл тетіктері ерікті тауар өндірушілерді ұзақ

мерзімді келісімшарттар жасау, ірі интеграцияланған құрылымдар құру және өндірушілер кооперациясының әртүрлі нысандарын қолдану деген сияқты қолдануға негізделуі мүмкін.

Мысалыға, сүт шикізатын өндірушілер мен қайта өңдеушілер арасындағы міндетті келісімшарттар ЕО-ға мүше 13 мемлекетте сүт жеткізудің 41 пайызын қамтитыны анықталған.

Францияда келісімшарт ең аз дегенде - 5 жылға, Италия, Испания және Словенияда – 1 жылға, Венгрия, Португалия, Болгарияда – 6 айға жасалады. Шикі сүт өндірушілерде келісімшарт талаптарын өндірушілердің бірлестіктері арқылы келісуге мүмкіндігі бар.

ЕО-дағы өндіруші бірлестіктері ірі партияларды қалыптастыру есебінен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің «нарықтық күшін» ұлғайтуға, салалардағы маркетингті жақсартуға, әдістемелік және материалдық-техникалық көмекті қамтамасыз етуге, бағдарламалық қаржыландыруға, оның ішінде жеке логистиканы дамытуды жақсартуға мүмкіндік береді. 2018 жылдың қорытындысы бойынша өндірушілердің 3400-ден астам бірлестіктерінің 52 пайызын көкөністер мен жемістер, 39 пайызын сүт және сүт өнімдерінде, 9 пайызы басқа секторларда шоғырланған [46-48].

9-суреттен Түркістан облысының жалпы шығарылған өнім көлемі бойынша алғашқы үштікке кіргенін байқауға болады. 9-ші сурет




Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Бірінші, екінші орын Алматы қаласы мен СҚО облысының еншісінде болса, үшінші орында Түркістан облысы орналасқан.

Дегенмен әр облыстың, оны басқа аймақтардан ерекшелейтін географиялық және табиғи ерекшеліктері, бәсекелестік артықшылықтарын анықтап алсақ.

10-сурет өндірілген өнім көлемі



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Жоғарыда көрсетілгендей, Түркістан облысының өзіндік ерекшелігі бар. Яғни Түркістан облысы жалпы республика бойынша 11,7 пайызбен өндірілген өнім көлемі бойынша үшінші орында орналасқан.

Географиялық және табиғи ерекшеліктеріне сәйкес солтүстік, орталық және шығыс облысы дәнді дақылдар (астық, бидай), көкөністер және күнбағыс шығаруда дәстүрлі түрде алғашқы орындарға ие.


11-сурет өсімдік және мал шаруашылығы



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Түркістан облысының негізгі өнімдеріне келетін болсақ: олар – өсімдік және мал шаруашылығы. Елімізде өндірілетін өсімдіктің (қияр мен қызанақ) шамамен 70 пайызы осы Түркістан облысы және Шымкент қаласында өндіріледі.


12-сурет жылыжай алқабы



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Ал ірі қара мал саны бойынша Түркістан облысы көш бастап тұр, оны келесі диаграммадан көруге болады, шамамен 15 пайыз ірі қара мал Түркістан облысына тиесілі екенін келесі диаграммадан көруге болады.

13-ші сурет мал саны



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Сәйкесінше, Түркістан облысы сүт және ет өндірісі бойынша да бірінші орында келеді (кесте), яғни Республикада өндірілетін сүт өнімдерінің 15,6 пайызы Түркістан облысына тиесілі. Ет өндірісі бойынша екінші және үшінші орында Алматы, СҚО орналасқан, ал сүт өнімдері бойынша Ақтөбе және ШҚО екінші және үшінші орында тұр.

10-кесте. Сүт және ет өндірісі, мың тонна

	Шикі сиыр сүтінің тауарлық өндіріс көлемі	Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені (сойыс салмақта) тонн
Қазақстан Республикасы	4 094 701,90	1 166 673,00
Ақмола	339761,6	82627,56
Ақтөбе	235411,1	229095,78
Алматы	563814,3	29087,62
Атырау	19516,8	51937,34
Батыс Қазақстан	89961,3	75976,7
Жамбыл	257730,9	85448,94
Қарағанды	335748,4	59427,57
Қостанай	345643,2	20032,02
Қызылорда	57231,6	6209,62
Павлодар	312726	57459,41
Солтүстік Қазақстан	514 331	60481,45
Түркістан	599 215	128440,38
Шығыс Қазақстан	379894	173642,19
Нұр-Сұлтан қаласы	199,9	74,21
Алматы қаласы	2215,1	99,6
Шымкент қаласы	41301,4	8139,71

Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты бойынша құрастырған.

Әдеби шолуда айтып өткеткендей ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің инвестициялық тұжырымдамасы бойынша Түркістан облысының тамақ өндірудегі негізгі капиталға салған инвестициясын келесі 11- кестеден көруге болады

Тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестициялар 2021 жыл				
	Барлығы	Меншікті қаражат	Банктердің кредиттері	Басқа көздерден
1	2	3	4	5
Ақмола	19 305 270	6 044 079	1 577 194	11 683 997
Ақтөбе	3 175 764	804 944	1 400 935	969885
Алматы	21 475 628	13 553 299	279 564	7 642 765
Атырау	332 376	332 376	-	-
Батыс Қазақстан	1 661 597	1 155 992	497 329	8276
Жамбыл	2 108 003	2 107 412	591	-
Қарағанды	1 993 170	1 046 522	946 648	-
Қостанай	10 014 456	x	3 292 926	x
Қызылорда	1 216 817	672 930	-	543887
Маңғыстау	1 223 180	530 245	81800	611135
Павлодар	2 517 957	2 445 068	42 889	30000
Солтүстік Қазақстан	11 755 441	7 148 343	1 578 817	3 028 281
Түркістан	7 980 332	6 502 393	1 193 763	284 176

11-кесте жалғасы

1	2	3	4	5
Шығыс Қазақстан	11 532 613	4 428 449	1 097 171	6006993
Нұр-Сұлтан қаласы	1 460 944	176 912	x	1232370
Алматы қаласы	6 340 387	6 084 681	x	x
Шымкент қаласы	4 961 283		1 934 054	x

Ескерту – Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюро сайты бойынша құрастырған.

Кестеден көріп отырғандай Түркістан облысы тартылған инвестиция көлемі бойынша (8 млрд қа жуық тг.) еліміз бойынша алтыншы орын алып отыр, көш бастап отырған Алматы қаласымен (21,4 млрд тг.) Ақмола облысы (19,3 млрд тг.).


Жоғарыда көрсетілген өнім түрлеріне тереңірек тоқталып өтсек. Бәсекелестік артықшылық – нарықтық қатынастардағы маңызды компонент, онсыз нарық субъектісі сәтті қызмет ете алмайды.

Сонымен, бәсекелестік артықшылық дегеніміз – субъектінің (тауар, кәсіпорын, аймақ, сала, ел) нарықтағы позициясын нығайту, жоспарланған пайда деңгейіне жету үшін басқа субъектілерді басып озу үшін жасайтын артықшылық.

Бәсекелестік артықшылықтар төмен шығындардан, бағадан, қызмет көрсету сапасынан және субъектінің басқа да көрсеткіштерінен нақты көрініс табуы керек және тұтынушылар үшін қабылдануы және көрінуі, өлшенуі, экономикалық көрсеткіштермен бағалануы керек, мысалы, үлкен сату көлемі, жоғары рентабельділік, үлкен нарықтық үлес және т. б.

Енді Түркістан облысының аудандары арасындағы үлесті қарастырсақ. Жылыжай көлемі бойынша Сарыағаш ауданы кқш бастап тұрғанын байқауға болады, оның жалпы жылыжайлар арасындағы үлесі 50 пайызды құрап отыр.

14-ші сурет аудандар үлесі



Түркістан облысында 1969-дан астам жылыжай шаруашылығы бар, нарық субъектілерінің егістік алқаптарының көлемі 0,5-тен 26 га-ға дейін.

(Жеке алынған субъектілердің үлесі тауарларды өндіру және өткізу нарығында 5 пайыздан аспайды).

Қазіргі таңда жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу механизміне жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Жылыжай иесі егін егу және өнімін жинағанда, оны қандай бағаға, кімге өткізетінін білмейді.

Жоғарыда бәсекелестік артықшылықтарды төмен шығындардан, бағадан көруге болды деп атап өттік.

Саланың бәсекеге қабілеттілігі басқа субъектілер үшін де бәсекелестік артықшылықтардың болуымен анықталады. Егер жоғары нәтиже беретін белгілі бір қасиет басқа аймаққа немесе басқа елге қарағанда көбірек көрінетін болса, сала бәсекелестік артықшылыққа ие болады.

Осыны анықтау мақсатында Түркістан облысында өндірілетін 1 кг қызанақ шығындарын қарастырып көрсек.

15-ші сурет қызанақ негізгі шығындары

1 кг Қызынақ негізгі шығындары

Шығын баптарының атауы	1 кг үшін шығындар соммасы (тенге)	Үлес салмағы %
Тұқым	34	9,9
Тыңатқыштар	22	6,4
Шымтезек	5	1,5
қорғау	11	3,2
Көмір/газ	125	36,3
Электро энергия	19	5,5
Еңбекақы	123	35,8
Салық	5	1,5
Толық құны	344	100,0

Көріп отырғанымыздай, 1 килограмм қызанақты өндірудің жалпы құны 344 теңгені құрайды. Шығындар ішіндегі негізгілері – еңбекақы 35,8 пайыз және газ көмірге жұмсаған шығындар 36,3 пайыз, яғни 1 кг қызанақ 344 теңге болса, оның ішінде еңбекақы мен отынға жұмсаған шығындар 248 теңге немесе 72 пайызын құрап отыр.

11-кесте Түркістан облысының заңды және жеке тұлғалары арасындағы коммуналдық қызметтер тарифінің айырмашылығы

	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар	Айырмашылығы%
Газ тг.1м3	33,1	47	42,4
Электр энергиясы тг.1кв/сағ	15,13	29,62	100

Ескерту – Автор Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті сайты бойынша құрастырған.

Бүгінгі таңда тарифтер тұтынушылар топтары бойынша сараланады: өйткені заңды тұлғалар және бюджеттік ұйымдар тарифтері есебінен жеке тұлғалардың тарифі субсидиялануда.



Қорыта келе айтсақ тауардың өзіндік құнында әр шығынның үлесі ескеріліп, сол шығыстарды азайтуға көп мән берілуі керек. Әр шығын бабын түсіру арқылы тауардың өзіндік құнын түсіріге ұмтылу керек.

16-ші сурет өңірлердің бәсекеге қабілеттілігі

Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігі

Көрсеткіштер	Салмағы	Нур-Сұлтан		Алматы обл		Түркістан обл.		Ташкент обл	
Климат	0,3	5	1,5	7	2,1	8	2,4	9	2,7
коммуналдық тарифтер	0,2	5	1	7	1,4	7	1,4	7	1,4
Сырьёи материалы	0,1	6	0,6	8	0,8	7	0,7	9	0,9
Еңбек ақы	0,3	5	1,5	6	1,8	8	2,4	10	3,0
Тауарды өткізу нарығы	0,1	10	1	8	0,8	6	0,6	10	1
барлығы	1	5,6		6,9		7,5		9	

Кестеден көріп отырғандай, Түркістан облысындағы орналасқан субъектілердің бәсекеге қабілеттілігі басқа өңірлерге қарағанда едәуір жоғары, бірақ көршілес елмен (Ташкент обл) салыстырғанда төмен екенін көріп отырмыз. Осының себебіне тоқталып кетсек.



Ескерту: Автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты және Казгидромет бойынша құрастырған.

Жалақы қызанақтың өзіндік құнындағы негізгі шығындардың бірі екенін ескерсек (құрылымдағы үлесі-35%), тұқымдар мен тыңайтқыштар жиынтығында 15%-дан асады, ал Өзбекстандағы жылыту кезеңі әлдеқайда

қысқа (мысалы, Ташкент облысында күннің салқындауы 20-30 күннен кейін басталады) және сәйкесінше отын шығыны отандық өндірушілерге қарағанда аз.

Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 наурыздағы № ҮП-5388 Жарлығына сәйкес қазіргі заманғы жылыжай кешендерінің барлық компоненті, құрамдас бұйымы мен бөлшегі: көшеттер, қорлар, минералды тыңайтқыштар, инсектицидтер, родентицидтер, фунгицидтер, гербицидтер және жылыжай өндірістерімен байланысты басқа да тізбелер кедендік төлемдерден босатылған.

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, 2018 жылы субсидиялар жойылған. 1 га жерге субсидиялау бағдарламасы аясында мемлекеттен 2,5 млн. теңге/1 га бөлінетін, осы саланы субсидиялауды тоқтатуына байланысты көптеген жылыжай иелері қызанақ пен қияр өсіру бойынша өз қызметін тоқтатты.

Енді осы шығындарды түсіру, мемлекет тарапынан субсидия бөлу бойынша БАҚ-да жазылған кәсіпкерлер пікірлерін талдап көрсек. "Хабар 24" жаңалығына сай аграршылар көрші елдердегі әріптестерімен бәсекелесе алмайтындарын айтады, деп хабарлайды. Себебі қазақстандық көкөністердің өзіндік құны импортқа қарағанда 3 есе жоғары. Көмір, газ және электр энергиясының бағасы көтерілгеннен кейін адамдар егінді шығынға сатуға және жабуға мәжбүр.

Мырзахмет Снабаев, "Оңтүстік Қазақстан жылыжайлары мен бағбандары қауымдастығының" төрағасы: - Түрікменстанда мың текше метр газ 45 теңге, бізде 37 мың теңге тұр. Коммуналдық қызметтер қымбат: газ өте қымбат, электр энергиясы қымбат. Осыған байланысты жылыжай шығындарының 45% - ын энергия шығындары алады.

"Хабар 24" мәліметіне сай, өнімдерді сату тиісті түрде ұйымдастырылмаған. Фатима Әлімжанова (сатушы) жауабы бойынша - біз өз өнімдерімізді сата алмаймыз, неге? Өйткені, Мен бүгін жылыжайда 500 теңгеге қияр сатып алдым делік. Мен оны базарға апарамын, ал ташкенттіктер базарға келді, ол 450 теңге тұрады. Қазірдің өзінде құлдырау алдында тұрған фермалар бар, деп хабарлады жылыжайлар мен бағбандар қауымдастығы. Қазір күн сайын шағымдар қабылданады. Субсидиялар, дейді дехкане, өте қажет, өйткені әйтпесе қазір жүзіп жүргендерге де жалақы төлеу қиын болады.

Сонмен саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет екені анық болып отыр.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде келесі ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен ұсыныстар алынды:

Экономиканың агросекторының бәсекеге қабілеттілігі бойынша жақын және алыс шетел, сондай-ақ отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеу келе, «бәсекеге қабілеттілік» санатының әртүрлі түсіндірмелеріне қарамастан, олар нарықтық тетіктің басты бір элементі болып табылатындығында екенін байқадық.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне келетін негізгі қауіп – көбіне жақсы жағдайда жұмыс істейтін, өнімінің өзіндік құны төмен, басқа аймақтағы өндірушілер. Мұндай бәсекелестігі жоғары өндірушілермен күресу өте қиын, кейде мүмкін де емес. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнеркәсіптік өндірістен айырмашылығы өз шаруашылығының орналасқан жерін таңдай алмайды, демек олардың бір бөлігі әрқашан монополистік артықшылықтарға ие деген сөз.

Саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, келесі ұсыныстар дайындалды:

- шет елдердің тәжірибесін зерделеу барысында экономиканың әртүрлі даму деңгейіне қарамастан, экономиканың аграрлық секторының бәсекеге қабілеттілігін қолдау мақсатында шығындарды субсидиялау деңгейін көршілес елдер деңгейіне жеткізу;

- өндірістен бастап өнімді сатуға дейінгі жүйесі құрылған Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, кооперативтер құру жолымен шаруашылықтарды ірілендіру мүмкіндігін қарастыру. Ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымын талдау, Түркістан облысында ет, сүт және өсімдікті қайта өңдеу кезінде агрокластерлерді дамыту перспективалы болатынын көрсетті;

- өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында отын (газ, эл жарығы) шығындарын азайту керек. Ол үшін тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына өзгерту енгізу қажет.

Бұл саланың дамуын «өндірістен тұтынушыға» дейін жеткізетін технологиялық тізбектің барлық қатысушысын ынталандыра алатын экономикалық тетіктердің болмауын тежейді. Бүгінгі таңда бұл «тізбек» бұзылған, нәтижесінде қайта өңдеу кәсіпорындарының шикізат жеткізушілерімен, яғни тікелей агроқұрылымдармен тұрақты байланыс орнамай отыр.

Осылайша, жоғарыда ұсынылған іс-шараларды іске асыру агроөнеркәсіптік кешен салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Түркістан облысында ғана емес, жалпы Қазақстан бойынша азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Токаев К. К. Послание Главы государства народу Казахстана, 1 сентября 2020 года [электрондық ресурс] // <https://www.akorda.kz>. [Қолданылған күні 10.05.2022 ж.].
- 2 Через 10 лет Казахстан может остаться без своей продукции. [электрондық ресурс] // <https://kursiv.kz/news/kompanii-i-rynki/2018-03>. [Қолданылған күні 10.05.2022 ж.].
- 3 Ксения Бондаль. Как будут увеличены объемы орошаемых земель в РК, 28.08.2020 г. [электрондық ресурс] // <https://kapital.kz>. [Қолданылған күні 5.05.2022 ж.].
- 4 Есполов Т. И. национальный проект ускоряет решение АПК.// Казахстанская правда, 04 сентября 2020 года.
- 5 А. Смит. исследование богатства народов. М.: Ось-89, 1997.С. 58.
- 6 Робинсон Дж. Экономическая теория несовершенной конкуренции [текст] / англ. - М.: Прогресс, 1986. - 471с.
- 7 Чемберлин, Э. теория монополистической конкуренции: переориентация теории стоимости / пер.по английскому языку.; Е. Г. Лейкина, Л. Я. Розовский. - М.: Экономика, 1996. - 351с.
- 8 Портер Е. М. конкурентная стратегия: методы анализа отраслей и конкурентов/ / перевод на английский язык. - М.: Альпина Бизнес Вох 2005., - 454 с.
- 9 Майкл Портер. Конкурентная стратегия: методика анализа отраслей и конкурентов». - М.: Изд-во Альпина, 2016.
- 10 Лифиц И. М. конкурентоспособность товаров и услуг // М.: Юрайт-издатель, 2009. - 464 с.
- 11 Бергер т. концепции национальной конкурентоспособности // / международный бизнес журнал и экономика. 2008. № 9 (1). Р. 91-111.12.
- Boltho A. The assessment: international competitiveness // Oxford Review of Economic Policy. Oxford: Oxford University Press. 1996. No 12 (3). P. 1–16.
- 13 Kovačić A. Benchmarking the Slovenian competitiveness by system of indicators // Benchmarking : An International Journal. 2007. No 14 (5).P. 553–574.
- 14 6. Портер М. Э. Бәсекелестік / Э. М. Портер; ауд. с англ. О. Л. Пелявского. М.: Уильямс, 2006. 608 б.
- 15 Budd L. Conceptual framework for regional competitiveness // Regional Studies. 2004. No 38 (9). P. 15–28.
- 16 Латрюф, л. ауылшаруашылық және аграрлық азық-түлік секторларындағы бәсекеге қабілеттілік, өнімділік және тиімділік: ЭЫДҰ-ның

Азық-түлік, ауыл шаруашылығы және балық аулау туралы құжаттары, № 30 ;
ЭЫДҰ баспасы: Париж, Франция, 2010 [Google Scholar]

17 Фатхутдинов Р. А. бәсекеге қабілеттілік: экономика, стратегия, басқару. – М.: ИНФРА-М, 2000. – 311 б.

18 Баринов в. бәсекелестік ортада ұйымның дамуы // Ресейдегі және шетелдегі Менеджмент. – 2000. – № 6.

19 Казахстан опередил в рейтинге конкурентоспособности Португалию, Испанию, Россию [электрондық ресурс] <https://kz.kursiv.media/2021-06-17/kazakhstan-operedil-v-reytinge-konkurentosposobnosti-portugaliyu/#:~:text=%D0%9D%D0%B0%D0%BF%D0%BE%D0%BC%D0%BD%D0%B8%D0%BC%2C%20%D1%87%D1%82%D0%BE%20%D0%B2%202020%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D1%83,%D0%B3%D0%BE%20%D0%BC%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%B0%20%D0%BD%D0%B0%2050%2D%D0%B5.> [Қолданылған күні 10.05.2022 ж.]

20 Юнусова П. С., Ахмедова Ж. А. зарубежный опыт достижения конкурентоспособности сельскохозяйственной продукции. // АПК и сельское хозяйство <http://www.rppe.ru>

21 об изменениях в порядке предоставления субсидий производителям сельскохозяйственной техники. Электрон. Текстовые дан. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://m.government.ru/docs/33993> / (дата обращения: 21.10.2018 г.), Свобода. - Захл. с экрана.

22 Юнусова П. С. создание региональных научно-инновационных и производственных кластеров для модернизации аграрного сектора экономики // Матер. IX Международный. научный.- практ. конф. «Региональные проблемы перестройка экономики: интеграционные процессы и социально-экономическая политика региона» (Махачкала, 5 декабря 2018 г.). - Махачкала: ИСЭИ ДНЦ РАН, 2018. 10 Лифит И. М. Конкурентоспособность товаров и услуг // М.: Юрайт-Издат, 2009. - 464 С.

23 Насруллаева т. д. стратегические приоритеты развития кластеров в АПК региона / т. д. Насруллаева // проблемы структурирования экономики. - 2010. - № 1. - С. 174-177.

24 Грей К. Роль государства в аграрном секторе США // экономика сельского хозяйства России. - 1997. - № 4. - С. 31-32.

25 Милосердов В. В. Многокладная экономика АПК: состояние и перспективы // АПК: экономика, управление. - 2002. - № 2. - С. 10-21.

26 Приходько т. управление сельским хозяйством во Франции // АПК: экономика управления. - 1996. - № 2. - С. 27.

27 Абдиев М. Ж. основные направления агропродовольственной политики Кыргызской Республики в условиях интеграции в Евразийский экономический союз // общество и экономика. – 2017. – № 3, 4. –С. 132–138.

28 Масленников В. аграрный сектор в развитых зарубежных странах // Диалог. - 2006. - № 3. - С. 37.

29 Балянец К. М. защита аграрного рынка в развитых странах-участниках ВТО / К. М. Балянец // проблемы структурирования экономики. - 2012. – № 1. - С. 32-34. 83 А

30 Agricultural Policy Monitoring and Evaluation 2013: OECD Countries and Emerging Economies. OECD. –2013. https://doi.org/10.1787/agr_pol-2013-en

31 Есполов Т. И. ұлттық жоба АӨК шешімін жеделдетеді.// Казахстанская правда, 04 Қыркүйек 2020 жыл.

32 Asian Development Bank. (1998). *Agriculture Sector Profile of Kazakhstan: Policy Reforms and Performance Since 1991*. Forestry and Natural Resources Division, Agriculture and Social Sectors Department. Manila

33 Larsson, J. (2010). *The transition in Kazakhstan from command to market Economy*. (Minor Field Study Series No. 199). Sweden: Department of Economics at the University of Lund.

34 Petrick, M., Pomfret, R. (2016). *Agricultural policies in Kazakhstan*. Discussion paper no. 155. Germany: Leibniz Institute of Agricultural Development in Transition Economies.

35 Lerman, Z., Csaki C., Feder, G. (2004). *Agriculture in Transition: Land Policies and Evolving Farm Structures in Post-Soviet Economies*. Lexington books, Lanham MD.

36 Baydildina, A., Alishinbay, A., Bayetova, M., Mkrytichyan. L., Haliepesova. A., Ataev, D. (2000). Agricultural policy reforms and food security in Kazakhstan and Turkmenistan. *Food Policy*, 25(2000), pp.733–747.

37 Meng, E., Longmire, J., Moldashev, A. (2000). Kazakhstan’s Wheat System: Priorities, Constraints, and Future Prospects. *Food Policy*, 25(6), pp.701-17.

38 Babu, S., Tashmatov, A. (2000). *Food Policy Reforms in Central Asia: Setting the Research Priorities*. Washington: International Food Policy Research Institute.

39 Қалиев Г.А. Қазақстанның АӨК дамуының стратегиялық басымдықтары. // Никон оқулары. – 2019. – № 24. – Б.421-425. // <https://elibrary.ru/item.asp?id=41471288>.

40 Еуразиялық экономикалық одақ статистикасы мәліметі file:///C:/Users/User/Downloads/Analytics_I_202012.pdf

41 А.Поливач, ПРОБЛЕМЫ ЕВРАЗИЙСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ

42 Площадь орошаемых сельхозземель за 10 лет будет увеличена в два раза. [электрондық ресурс] // https://forbes.kz/news/2020/04/07/newsid_222848 [Қолданылған күні 10.05.2022 ж.].

43 Токаев К.К. Послание Главы государства народу Казахстана, 1 сентября, 2020года [электрондық ресурс] <https://www.akorda.kz>. [Қолданылған күні 10.05.2022 ж.].

44 Новый виток развития. [электрондық ресурс] <https://old.liter.kz>. 08.03.2020. [Қолданылған күні 10.04.2022 ж.].

45 Назарбаев Н.А. Ядром сельского хозяйства должны стать сильные кооперативы. [электрондық ресурс] https://www.inform.kz/ru/yadrom-selskogo-hozyaystva-dolzhny-statsil-nye-kooperativy-n-nazarbaev-foto_a2815476 [Қолданылған күні 10.04.2022 ж.].

46 Дзина М.А. Теоретические основы формирования механизма управления конкурентоспособностью предприятия / М.А. Дзина // Культура народов Причерноморья. – 2006. – № 95. – С. 118-126.

47 Стаценко Е.В., Терехова Н.А. Механизм определения уровня конкурентоспособности предприятия //Международный научный журнал «Символ науки». – 2016. – №4. – С. 223-225.

48 Федонин, А.С. / Потенциал предприятия: формирование и оценка: Учеб. пособие для самост. изуч. дисц. / Федонин А.С., Репина И.Н., Олексюк А.И. –М.: Финансы, 2005. – 261 с.

49 Владельцы теплиц в Южном Казахстане боятся разорения Катерина Попкова, Самат Нагашбекулы, Нурмахан Бекмуратов [электрондық ресурс]: <https://24.kz/ru/news/economy/item/531783-vladeltsy-teplits-v-yuzhnom-kazakhstane-boyatsya-razoreniya> [Қолданылған күні 10.04.2022 ж.].